

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес қызметіне арналған жиынтықтарды жіктеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 17 қазандағы № 149 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **пешті**:

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жіктеу туралы 1 және 6 негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 9503 00 700 0 кіші субпозициясында балалар мен ересектердің бос уақытын өткізуге және көңіл көтеруге арналған, гауһар мозаика (жапсырмалы моншақтан жасалған суреттер), құм фрескасы (құм суреті), жіптерден, түймелерден немесе басқа материалдардан жасалған аппликациялар жасауға арналған, бөлшек саудаға оралған және негізгі компоненттер ретінде кенепке, қағазға, қатырма немесе картонға басылған сызбаны қамтитын шығармашылық жиынтықтар және оларды сызба-схеманың үстіндегі түстерге сәйкес орналастыруға арналған материалдар жиынтығы (түрлі-түсті пластикалық моншақтар, құм, жіптер, түймелер немесе басқа компоненттер) жіктеледі.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасы төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

В. Назаренко